

Облыс азық-түлік базарларының байқауын өткізу туралы

Атырау облысы әкімінің шешімі 2002 жылғы 24 мамырда N№160. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 26 маусымда N 1022 тіркелді.

Азық-түлік базарларын тиісті санитарлық-техникалық жағдайға келтіру, тамақпен жаппай уланудың алдын алу, сонымен бірге "2002 жыл - Денсаулық жылын" ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының Z010148_ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес облыстық әкімдік қаулы етеді:

1. 2002 жылдың 5 маусымынан 5 шілдеге дейінгі мерзімде азық-түлік базарларының облыстық байқауы өткізілсін.

2. Базарларды тиісті санитарлық-техникалық жағдайға келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (N 1-қосымша) және белгіленбеген сауда орындарын жою кестесі (N 2-қосымша) бекітілсін.

3. Қала мен аудан әкімдері N 1 және N 2-қосымшаларға сәйкес іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Базарлар иелері базарлар аумағын көркейту, сумен, әжетханамен жабдықтау, канализация торабының үздіксіз жұмыс істеуін, азық-түлік тауарларының жабық павильонда сатылуын, тез бұзылатын тағамдар сату сауда орындарын тоңазытқыш және витриналармен қамтамасыз ету шараларын алсын.

5. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы (Ө. Зинуллин), ауыл-шаруашылық Министрлігінің аумақтық басқармасы (Ш. Бөлекбаев), облыстық ішкі істер басқармасы (Х. Хайдар) облыстағы азық-түлік базарларының байқауына бақылау жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. "Атырау-Ақпарат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Е. Дошаев),

облыстық телерадиокомпаниясы (А. Нұрғалиев) байқау барысын жүйелі түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отырсын.

7. Қала, аудан әкімдері, облыстық санитарлық эпидемиологиялық станциясы, облыстық ішкі істер басқармасы, ауыл-шаруашылығы Министрлігінің аумақтық басқармасы байқау қорытындылары жөнінде облыстық әкімиятқа 2002 жылдың 5 шілдесіне мәлімет берсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В. Супрунға жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыстық әкімияттың
2002 жылғы 24 мамырдағы
N 160 қаулысына N 1-қосымша
Базарларды тиісті санитарлық-техникалық
жағдайға келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар	Жоспарланған базарлар	Орындау мерзімі
1. Базарлардың аумағын асфальттау, бетондау немесе тротуарлық плиткалар төсеу	Барлық базарларда	2002 ж.15.06
2. Сауда сөрелерін, сауда қатарларын бірыңғай үлгі жағдайына келтіру.	Барлық базарларда	2002 ж.10.06
3. Объектілерді санитарлық жағдайын жақсарту және жеке бас гигиенасын сақтау үшін жағдай жасау мақсатында су-канализация жүйелері іске қосу.	1) Аққыстау селосындағы "Универмаг" базары (Мұханбетқалиев) 2) Чапаев селосындағы "Универмаг" базары (Мұқанбетқалиев) 3) Аққыстау селосындағы "Еламан" базары (Қабдешева) 4) Махамбет поселкесіндегі "Айгүл" базары (Берғалиев) 5) Ганюшкино поселкесіндегі "Серпер" базары (Жүгінісов) 6) Доссор поселкесіндегі "Салтанат" базары (Құлмағанбетов) 7) Мақат поселкесіндегі "Барыс" базары (Аманиязов) 8) Мақат поселкесіндегі "Баймұрат" базары (Дюсов) 9) Атырау қаласындағы "Мерей" базары (Медеуов)	2002ж.20.06
4. Жабық павильондарда жөндеу жұмыстарын жүргізу.	1) Индер поселкесіндегі "Мақсот" базары (Шабдаров) 2) Индер поселкесіндегі "Талап" базары (Таутенова)	2002 ж.20.06.

- 3) Құлсары қаласындағы "Беркад"
базары (Жексенбаев)
- 4) Атырау қаласындағы Афанасьев
көшесіндегі "Мерей" базары
(Медеуов)
- 5) Миялы поселкесіндегі "Сенім"
базары (Күзембаев)

-
5. Тез бұзылғыш тағамдар 1) Индер поселкесіндегі "Талап"
сататын сауда орындарына базары (Таутенова)
тоңазытқыш және 2) Құлсары қаласындағы "Беркад"
витриналар орнату. базары (Жексенбаев) 2002 ж. 25.06
- 3) Аққыстау поселкесіндегі
"Универмаг" базары (Мұханбетқалиев)
 - 4) Махамбет селосындағы "Аққу"
базары (Мусинова)
 - 5) Мақат поселкесіндегі "Салтанат"
базары (Құлмағанбетова)
 - 6) Атырау қаласындағы "Мерей"
базары (Медеуов)
 - 7) Атырау қаласындағы "Дина"
базары (Ғұбашев)
 - 8) Атырау қаласындағы "Көктем"
базары (Баямиров)
 - 9) Ганюшкино поселкесіндегі "Серпер"
базары (Жүгінісов)

-
6. Ветеринарлық зертханаға 1) Индер поселкесіндегі
сай бөлмелер бөліп, "Талап" базары
жабдықтау, су-канализация 2) Махамбет поселкесіндегі
құбырымен қамтамасыз ету. "Айгүл" базары 2002 ж. 25.06
- 3) Мақат поселкесіндегі дейін
"Барыс" базары
 - 4) Атырау қаласындағы Афанасьев
көшесіндегі "Мерей" базары
 - 5) Ганюшкино поселкесіндегі
"Серпер" базары
 - 6) Миялы поселкесіндегі

"Сенім" базары
7) Сағыз селосындағы "Аяла"
базары

7. Жабық сауда павильондары 1) Құлсары қаласындағы
құрылысын аяқтау. "Беркад" базары 2002 ж. 01.07
2) Махамбет поселкесіндегі дейін
"Айгүл" базары 2002 ж. 01.07.
3) Атырау қаласындағы дейін
"Насиха" базары 2002 ж. 01.07
4) Атырау қаласындағы дейін
"Көктем" базары 2002 ж. 01.10
5) Атырау қаласындағы дейін
"Мұрагер" базары 2002 ж. 01.10
6) Сағыз селосындағы дейін
"Аяла" базары 2002 ж. 01.07
дейін
-

Облыстық әкімияттың
2002 жылғы 24 маусымдағы
N 160 қаулысына N 2-қосымша
Белгіленбеген сауда орындарын жою кестесі

Аумақтар аттары	Белгіленбеген сауда орындарының саны	Жою мерзімі
-----------------	---	-------------

Атырау қаласы	10	2002 ж. 25 маусымына дейін
Махамбет ауданы	1	2002 ж. 10 маусымға дейін
Исатай ауданы	1	2002 ж. 10 маусымға дейін
Мақат ауданы	2	2002 ж. 10 маусымға дейін
Жылыой ауданы	22	2002 ж. 1 шілдеге дейін

/Мамандар: Ержанова К.С., Хасанов М.Х./

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК